

	«ҚазТрансОйл» АҚ
ИМЖ құжатының атауы:	«ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясат
<b>Саясат</b>	
Әзірлеуші: Тәуекелдерді басқару, энергия менеджменті және ИМЖ департаменті	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2017 жылғы 20 қарашадағы № 10/2017 хаттама)

## МАЗМҰНЫ

1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
2. ҚОЛДАНУ АЯСЫ
3. ТЕРМИНДЕР, АЙҚЫНДАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР
4. КОРПОРАТИВТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ
5. КОРПОРАТИВТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИАТТАРЫ
  - 1-тарау. Жалпы ережелер
  - 2-тарау. Мақсат қою, тәуекелдерді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру, тәуекелдерді/тәуекел-факторларды бағалау және талдау
  - 3-тарау. Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру
  - 4-тарау. Мониторинг және есептілік
  - 5-тарау. Ақпарат және коммуникация
  - 6-тарау. Ішкі орта
  - 7-тарау. Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесінің Қоғамның бизнес-процестерімен өзара байланысы
6. КОРПОРАТИВТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ КРИТЕРИЙЛЕРІ
7. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕ
8. ҚОСЫМШАЛАР
 

«ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдық құрылымы қосымшасы (міндетті)

### 1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Саясат «ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (бұдан әрі – ТБКЖ) терминологиясын, мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдық құрылымын, негізгі қағидаттарын айқындайды.

2. ТБКЖ «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) барлық басқару деңгейлеріне енгізіледі.

### 2. ҚОЛДАНУ АЯСЫ

3. Осы Саясат Қоғам қызметінің барлық түрлеріне қолданылады.

4. Осы Саясат Қоғамның барлық жұмыскерлері үшін міндетті болып табылады. Осы Саясатта белгіленген ережелер Қоғамда персонал (аутстаффинг) ұсыну шартына (шарттарына) сәйкес жұмыстарды орындайтын адамдар үшін де міндетті.

5. Қоғамның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарына осы Саясаттың ережелерін бұзбай, өз қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, тәуекелдерді басқару саласындағы саясатты жүзеге асыру ұсынылады.

### 3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

6. Осы Саясатта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) **Тәуекел иесі** – бекітілген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, тиісті деңгейде өндірістік/өндірістік емес тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын Қоғамның/ҒТО/МБ/МАС басшылығы;

2) **Тәуекел-фактордың иесі** – өндірістік/өндірістік емес тәуекелдің іске асырылуына әкелуі мүмкін тәуекел-факторларды басқаруды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше жетекшісінен төмен емес деңгейдегі Қоғам жұмыскері;

3) **Мақсаттардың иесі** – тиісті деңгейде өндірістік/өндірістік емес тәуекелдерді басқаруға басшылықты жүзеге асыратын, бекітілген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жауапты Қоғам/ҒТО/МБ басшылығы;

4) **тәуекелдерді басқарудың тік процесі** – өндірістік/өндірістік емес тәуекелдерді басқарудың барлық функционалдық вертикалі бойынша өндірістік/өндірістік емес мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін тәуекелдерді басқару процесі;

5) **сыртқы тәуекел-факторлар** – Қоғамның операциялық қызметінен тыс пайда болатын және Қоғам қызметіне байланысты емес тәуекел факторлары (себептері);

6) **ішкі тәуекел-факторлар** – ішкі бизнес-процестермен, ұйымдық құрылыммен, адам ресурстарымен, Қоғам активтерімен байланысты және Қоғамның операциялық қызметі шеңберінде туындайтын тәуекел факторлары (себептері);

7) **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдары тәуекелдерінің бірыңғай жіктеуіші (ТБЖ)** – саласы, санаты, тобы, атауы сияқты өлшемдер бойынша топтастырылған тәуекелдердің, тәуекел-факторлардың біріздендірілген атаулары бар тәуекелдердің жүйеленген тізбесі;

8) **тәуекелдер картасы** – бағаланған әлеуетті зиянға (залал мөлшеріне) және іске асыру жиілігіне (ықтималдығына) қарай тәуекелдерді/тәуекел-факторларды графикалық бейнелеу;

9) **бақылау рәсімдері (бақылау құралдары)** – Тәуекелдің/Тәуекел-фактордың иесі тарапынан басқару мен ден қоюды тікелей немесе технологиялық құралдарды пайдалана отырып қамтамасыз ететін

персоналдың іс-қимылдарын сипаттайтын, Тәуекелдің/Тәуекел-фактордың иесі әзірлейтін рәсімдер;

10) **тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ)** – Қоғамның барлық басқару деңгейінде тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруды және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қағидаттар, әдістер мен рәсімдер жиынтығы;

11) **төтенше сипаттағы тәуекел/тәуекел-фактор** – іске асырылуының жоғары жиілігімен (ықтималдығымен) және жоғары әлеуетті зиянмен (залал мөлшерімен) сипатталатын, тәуекелдер картасында қызыл аймақта көрсетілетін тәуекел/тәуекел-фактор;

12) **өндірістік емес тәуекел** – өндірістік емес процестерде туындайтын тәуекел;

13) **ҒТО** – «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының «Ғылыми-техникалық орталығы» филиалы;

14) **мұнай құбыры басқармасы (МБ)** – Қоғамның мұнай құбыры басқармасы/өзге де аумақтық жекеленген құрылымдық бөлімшесі;

15) **қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету** – қызметтің үздіксіздігін белгіленген қолайлы деңгейде қамтамасыз етудегі Қоғамның стратегиялық және тактикалық қабілеті;

16) **қалдық тәуекел/тәуекел-фактор** – тәуекелді/тәуекел-факторды іске асырудың алдын алатын жоспарланған іс-шаралар енгізілгеннен кейінгі тәуекелдің/тәуекел-фактордың деңгейі;

17) **жауапты құрылымдық бөлімше** – функционалдық міндеттеріне тәуекелдерді басқару бизнес-процесінің жұмыс істеуін тиісті деңгейде ұйымдастыру және бақылау кіретін құрылымдық бөлімше;

18) **қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары** – Қоғам қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге бағытталған құжатталған рәсімдер жиынтығы;

19) **тән тәуекел/тәуекел-фактор** – тәуекелді/тәуекел-факторды іске асырудың алдын алатын жоспарланған іс-шараларды ескермегендегі тәуекелдің/тәуекел-фактордың деңгейі;

20) **өндірістік тәуекел** – өндіріс процесінде туындайтын тәуекел;

21) **тәуекел** – болашақта, өзінің іске асырылуы жағдайында, Қоғамның өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне теріс ықпал етуі мүмкін әлеуетті оқиға;

22) **тәуекел-тәбет** – өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізу үшін Қоғам баруға дайын тәуекел дәрежесі;

23) **тәуекел-фактор** – бұл өндірістік/өндірістік емес тәуекелдің іске асырылуына ықпал ететін себеп;

24) **Қоғам басшылығы (басшылары)** – бас директор (Басқарма төрағасы), бас директордың орынбасарлары, басқарушы директор(-лар);

25) **ҒТО/МБ басшылығы (басшылары)** – ҒТО директоры / МБ басшысы, ҒТО директорының / МБ басшысының орынбасар(лар)ы;

26) **ІАҚ** – Қоғамның / «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі аудит қызметі;

53) **Қоғамның даму стратегиясы** – іске асыру тетіктерімен Қоғамның миссиясын, пайымын, стратегиялық мақсаты мен даму бағыттарын айқындайтын құжат;

30) **құрылымдық бөлімше** – Қоғамның ОА/ҒТО/МБ ұйымдық құрылымына кіретін жауапты құрылымдық бөлімше болып табылмайтын, қызметтің белгілі бір бағыты үшін жауапты құрылымдық бөлімше;

29) **қызметтің үздіксіздігін басқару** – әлеуетті қатерлерді сәйкестендіруді және олардың Қоғам қызметіне әсерін бағалауды көздейтін басқару процесі, ол мүдделі тараптардың мүдделерін, Қоғамның іскерлік беделін, брендін және Қоғамға құндылық қосатын қызметін қорғауды қамтамасыз ететін тиімді жауап шараларын іске асыру арқылы Қоғамның оқыс оқиғаларға төзімділігін арттыру үшін негіз құрайды;

30) **тәуекелдерді басқару** – Қоғамның қызметіне ықпал етуі мүмкін әлеуетті оқиғаларды анықтау, олардың ықпал ету дәрежесін Қоғам үшін қолайлы (белгіленген) шекте қолдау мақсатында Қоғам органдары, басшылығы, жұмыскерлері жүзеге асыратын және стратегиялық және жедел басқаруда стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізу бөлігінде ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ету үшін қолданылатын үздіксіз процесс;

31) **тәуекелге төзімділік деңгейі** – өндірістік/өндірістік емес тәуекелдер саласының бағаланған қалдық мәндерінің сандық ықпал ету шамасына түзетілген қызметтің негізгі көрсеткішінің (ҚНК) шекті мәні.

7. Осы Саясатта пайдаланылатын өзге терминдер, анықтамалар мен қысқартулар Қағидаға[1], Әдістемеге [2] сәйкес қолданылады.

#### **4. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

8. Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге теріс ықпал етуі мүмкін әлеуетті тәуекел оқиғаларын уақтылы сәйкестендіру, бағалау, мониторингі, іске асыру ықтималдығы мен салдарын азайту ТБКЖ мақсаттары болып табылады.

9. ТБКЖ міндеттері:

1) Қоғамның Даму стратегиясына сәйкес Қоғамның тәуекел-тәбеті деңгейін айқындау;

2) тәуекелдерге/тәуекел-факторларға ден қою бойынша шешімдер қабылдау процесін жетілдіру;

3) Қоғам капиталын ұтымды пайдалану;

4) Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге қауіп төндіретін тәуекел оқиғаларының алдын алу;

5) тәуекелдерді басқару процесін Қоғамның негізгі бизнес-процестерімен интеграциялау;

6) Қоғамның әрбір басқару деңгейінде Мақсаттардың иелері, Тәуекелдердің/Тәуекел-факторлардың иелері тәуекелдерді/тәуекел-

факторларды сәйкестендіре, бағалай және талдай отырып, тәуекелдерді басқарудың неғұрлым тиімді әдістерін (бақылау рәсімдерін) қолданатын, өндірістік/өндірістік емес тәуекелдерді басқарудың тік процесін енгізу және оның жұмыс істеуі;

7) мүдделі тараптарға Компанияның тәуекелдерді тиімді басқаратыны туралы ақылға қонымды кепілдік беру.

## **5. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

10. ТБКЖ мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) әдіснамалық базаның бірлігі – ТБКЖ Қоғамның барлық басқару деңгейінде бірыңғай әдіснамалық тәсілдер негізінде жұмыс істейді;

2) үздіксіздік – ТБКЖ тұрақты негізде жұмыс істейді;

3) кешенділік – ТБКЖ Қоғам қызметінің барлық бағыттарын және олардың шеңберінде туындайтын барлық тәуекел түрлерін қамтиды. Бақылау рәсімдері Қоғамның барлық басқару деңгейіндегі барлық бизнес-процестерде бар болады;

4) есеп берушілік – ТБКЖ ұйымдық құрылымы Қоғамның барлық басқару деңгейінде тәуекелдерді басқару саласында шешімдер қабылдау және бақылау құзыретін айқындайды;

5) хабардарлық және уақытылық – ТБКЖ дәйекті, шынайы және өзекті ақпарат ілесе жүреді;

6) ұтымдылық – тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар олардың экономикалық тиімділігін қамтамасыз етеді;

7) ақылға қонымды сенімділік – ТБКЖ сыртқы және ішкі ортағы тән шектеулерге байланысты Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізудің қисынды кепілдіктерін ғана ұсынады (мысалы, адам факторы, бақылау рәсімдерін енгізудің орындылығы қағидатын пайдалану және т. б.);

8) бейімділік – ТБКЖ тәуекелдерді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді бақылау мен басқару әдістерін барынша тиімді қолдану үшін тұрақты жетілдіріліп отырады;

9) айқын регламенттеу – тәуекелдерді басқару рәсімдері оларды жүзеге асырудың белгіленген тәртібіне сәйкес жүргізіледі;

10) басшылықтың белсенді қатысуы – Қоғам басшылығы ТБКЖ енгізу және жетілдіру кезінде қолдау көрсетеді.

11. ТБКЖ Қоғамның бизнес-процестеріне интеграцияланған өзара байланысты жеті компонент арқылы жұмыс істейді:

1) мақсаттар қою;

2) тәуекелдерді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру;

- 3) тәуекелдерді/тәуекел-факторларды бағалау және талдау;
- 4) тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;
- 5) мониторинг және есептілік;
- 6) ақпарат және коммуникация;
- 7) ішкі орта.

## **2-тарау. Мақсаттар қою, тәуекелдерді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру, тәуекелдерді/тәуекел-факторларды бағалау және талдау**

12. Мақсаттарды қою процесі стратегиялық жоспарлау, бизнес-жоспарлау, уәждеу процестері арқылы ТБКЖ-ға интеграцияланған, өйткені тәуекелдерді басқару деңгейі Қоғамның белгіленген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуіне тікелей ықпал етеді.

13. Тәуекелдерді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру, кейінгі бағалау және талдау – бұл іске асырылуы Мақсат иелерінің жоспарланған нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу қабілетіне теріс ықпал етуі мүмкін тәуекелдердің/тәуекел-факторлардың ықпалына Қоғамның бизнес-процестерінің тұралағыштығын анықтау.

14. Тәуекел параметрлерін бағалау көкжиегі Қоғамның тиісті мақсаттарына қол жеткізу көкжиегіне сәйкес келеді.

15. Тәуекел параметрлерін бағалау сандық немесе сапалық сипатта болуы мүмкін. Қоғам көбінесе тәуекелдерді/тәуекел-факторларды бағалаудың сандық әдістерін, оларды үнемі жетілдіре отырып, қолдануға тырысады.

16. Тәуекелдерді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру тәртібі, әдістері мен құралдары, параметрлерін сандық және сапалық бағалау, оларды талдау әдістері Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарымен реттеледі.

## **3-тарау. Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шараларды әзірлеу және іске асыру**

17. Өндірістік/өндірістік емес тәуекелдерді басқару тән тәуекелдерді және оларға сәйкес келетін тәуекел-факторларды іске асыру ықтималдығын азайтуға не залал туындаған кезде қаржылық өтем алуға мүмкіндік беретін іс-шараларды әзірлеу және іске асыру процесін білдіреді.

18. Тәуекелдерді басқару процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін Қоғам оның қаржылық жағдайына және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге неғұрлым елеулі ықпал етуі мүмкін төтенше сипаттағы тәуекелдерге/тәуекел-факторларға назар аударады.

19. Тәуекелдерді басқару Тәуекелдің/Тәуекел-фактордың иесі тарапынан бақылау құралдарының әзірленуін, соның ішінде тәуекелдерді басқарудың стандартты әдістерінің іс жүзінде орындалуын қамтамасыз ететін тетіктердің, бақылау рәсімдерін орындау мерзімдерінің сипаттамасын қамтиды.

20. Қалдық тәуекелдің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында өндірістік/өндірістік емес тәуекелдерге ден қою әдісін таңдау Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарында сипатталады.

21. Жекелеген тәуекел түрлерін басқару жөніндегі бақылау рәсімдерін енгізумен байланысты Саясаттар мен рәсімдерді Тәуекелдердің/Тәуекел-факторлардың иелері жекелеген тәуекел түрлерін басқару жөніндегі ішкі құжаттарда айқындайды.

22. Іске асырылуы Қоғамның қызметі мен жұмыс істеуін тоқтата тұруы мүмкін тәуекелдер/тәуекел-факторлар үшін қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары әзірленеді.

#### **4-тарау. Мониторинг және есептілік.**

23. Тәуекелдерді басқару мониторингі – тәуекел параметрлерінің өзгеру серпінін және іс-шараларды іске асыру тиімділігін, тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдерін бақылау.

24. Тәуекелдің/Тәуекел-факторлардың иелері Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарына сәйкес тәуекелдердің жай-күйі мен іске асырылған тәуекел оқиғаларына үнемі мониторинг жүргізіп, олар туралы жауапты құрылымдық бөлімшеге хабарлап отырады. Іске асырылған тәуекел оқиғалары жөніндегі ақпарат зиянын және ден қою бойынша қабылданған іс-әрекеттер міндетті түрде көрсетіліп, олардың тиімділігі бағалана отырып ұсынылады.

25. Тәуекелдерді басқару процесінің кемшіліктері туралы кез келген мәліметтер жауапты құрылымдық бөлімшенің, Тәуекелдің/Тәуекел-фактордың иесінің /Мақсат иесінің және Қоғам органдарының назарына жеткізіліп, оны талдау нәтижелері бойынша түзетуші іс-қимылдар қолданылады.

26. Мониторинг нәтижелері бойынша жоспарланған/іске асырылатын іс-шаралар түзетілуі немесе қосымша іс-шаралар әзірленуі мүмкін.

#### **5-тарау. Ақпарат және коммуникация**

27. ТБКЖ дәйекті ақпарат ағынын – тігінен және көлденеңінен қамтамасыз етеді.

28. Жоғарыдан төмен қарай тігінен бағыттталатын ақпарат стратегияларды, мақсаттар мен қойылған міндеттерді, тәуекел-тәбет деңгейін, тәуекелдерді тиімді басқарудың маңыздылығын жеткізуді қамтамасыз етеді.

29. Тәуекелдерді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру және бағалау бойынша төменнен жоғары тігінен келіп түсетін ақпарат сенімді деректерді қамтамасыз етеді және бұрмалауға ұшырамайды. Тәуекелдерді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру және бағалау кезінде ішкі және сыртқы көздерден алынған жедел ақпарат, сондай-ақ аудиттелген есептер, қаржы-шаруашылық қызмет туралы есептер, ІАҚ есептері пайдаланылады.

30. Көлденеңінен ақпарат беру құрылымдық бөлімшелердің жауапты құрылымдық бөлімшемен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

31. Ақпаратты берудің ашық арналарынан басқа Қоғам жекелеген коммуникация арналарын қамтамасыз етеді: сенім телефоны, «whistleblowing» тетігі (жұмыскерлердің Қоғамның ішкі бизнес-процетеріндегі кемшіліктер мен бұзушылықтар туралы құпия мәлімдеме жасау рәсімі).

## **6-тарау. Ішкі орта**

32. ТБКЖ-ны іске асыру тәуекелдер туралы жоғары деңгейдегі хабардарлыққа, Тәуекелдер/Тәуекел-факторлар иелерінің жауапкершілігіне, тәуекелдерді басқаруға және уақтылы есептілікке негізделген тәуекел-мәдениетті дамытуға ықпал етеді.

33. Қоғам тиімді корпоративтік басқаруға ықпал ететін, құқықтарды, міндеттерді бөлуді және тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау мен талдау, басқару және тәуекелдер бойынша есептілік үшін жауапкершілікті бөлуді қамтамасыз ететін ТБКЖ барабар ұйымдық құрылымын құруға ұмтылады. Қоғамның ТБКЖ ұйымдық құрылымы осы Саясатқа қосымшада келтірілген.

34. Ішкі орта мыналарды қамтиды:

- 1) тәуекел-тәбет және тәуекел-төзімділік;
- 2) ТБКЖ қатысушыларының функциялары мен жауапкершілігі;
- 3) ТБКЖ және ТБЖ бірыңғай әдіснамалық құжаттары;
- 4) іске асырылған тәуекел оқиғалары бойынша бірыңғай электрондық деректер базасын (ТБЭДБ) қамтиды.

35. Қоғамның тәуекел-тәбеті тәуекелдерді ұстап қалудың жеке деңгейін сипаттайды, сондай-ақ Қоғам алға қойылған стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізе алатын шоғырландырылған деңгейде төтенше сипаттағы тәуекелдер/тәуекел-факторлар деңгейінің жоғарғы шегін айқындайды.

36. Қоғамның тәуекел-тәбеті (тәуекел-тәбет туралы мәлімдеме) Қоғам ішінде ресурстарды бөлуге, бизнес-процестерді ұйымдастыруға және тәуекел оқиғаларына тиімді мониторинг жүргізу мен ден қою үшін қажетті инфрақұрылым құруға ықпал етеді.

37. Тиімді мониторингті жүзеге асыру және тәуекел-тәбет деңгейінің артуына жол бермеу мақсатында Қоғамда тәуекел-төзімділік қолданылады. Тәуекелдерге төзімділік деңгейлері шегіндегі қызмет Қоғам басшылығына қойылған мақсаттарға жетуге сенімділігін қамтамасыз етеді.

38. Қоғамның тәуекел-тәбеті мен тәуекел-төзімділігін есептеу тәсілдері мен әдістері Қоғамның тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі құжаттарында айқындалған.

39. ТБКЖ қатысушыларының функциялары мен жауапкершілігі ТБКЖ бірыңғай әдіснамалық құжаттарымен регламенттеледі, оның ішінде:

- 1) «ҚазТрансОйл» АҚ-да өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру қағидалары [1];



2) «ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау әдістемесі [2];

3) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының бірыңғай Тәуекел сыныптауышына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қағидалары [3];

4) Қоғамдағы тәуекелдердің жекелеген түрлерін басқару жөніндегі басқа да құжаттар.

40. Тәуекелдер атауларын біріздендіру және тәуекелдерді сәйкестендіру процесін стандарттау мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ әзірлеген және ТБКЖ-да пайдалану үшін міндетті ТБЖ қолданылады.

41. Өндірістік және өндірістік емес болып бөлінетін, олардың ТБЖ-ға сәйкес тәуекелдер саласына тиесілігі тәуекелдерді жіктеудің негізгі критерийі болып табылады. Әрбір сала өндірістік және өндірістік емес тәуекелдердің және оларға сәйкес келетін тәуекел-факторлар атауларының тізбесін қамтиды.

42. ТБЭДБ жүргізудің негізгі мақсаты Қоғамдағы іске асырылған тәуекел оқиғалары бойынша статистика жинау болып табылады, тәуекелдерге/тәуекел-факторларға сандық бағалау жүргізу кезінде, сондай-ақ тәуекелдер бойынша әртүрлі талдамалық есептер дайындау кезінде статистика болуы қажет.

43. ТБЭДБ жүргізу тәртібі Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарында көзделген.

## **7-тарау. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің Қоғамның бизнес-процестерімен өзара байланысы**

44. Қоғамда басқаруға тәуекел-бағытталған тәсіл қолданылады, ол бойынша ТБКЖ Қоғамның барлық бизнес-процестерімен өзара байланысты болады.

45. ТБКЖ-ның стратегиялық жоспарлау процесімен өзара байланысы мыналарды қамтиды (бірақ төменде аталғандармен шектелмеуі мүмкін):

1) Қоғамның Даму стратегиясын әзірлеу процесі, атап айтқанда, баламалы нұсқаларды бағалау кезеңі және Қоғам дамуының оңтайлы бағытын таңдау қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етуге қабілетті тәуекелдерді сәйкестендіру мен талдауды көздеуі тиіс;

2) Қоғамның Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларында жоспарланған стратегиялық бастамаларды іске асырумен байланысты тәуекелдердің әлеуетті қолайсыз ықпалын мейлінше азайтуға бағытталған шаралар кешені көзделуге тиіс;

3) Қоғамның Даму стратегиясын әзірлеу және өзекті күйге келтіру қағидаларында стратегиялық жоспарлау процесінің тәуекелдерді басқару процесімен өзара байланысының тәртібі көрсетілуге тиіс.

46. ТБКЖ-ның корпоративтік басқару процесімен өзара байланысы мыналарды қамтиды (бірақ төменде аталғандармен шектелмеуі мүмкін):

1) корпоративтік басқару Қоғамда бағаланған тәуекелдер ескеріле отырып, нысаналы көрсеткіштердің шекті деңгейлерін белгілеуге негізделуі тиіс;

2) нысаналы көрсеткіштердің шекті деңгейлерін белгілеу кезінде Қоғам Қоғамның операциялық қызметінен тыс туындайтын және оның қызметіне байланысты емес сыртқы тәуекел-факторларды ескеруге тырысуы тиіс.

47. ТБКЖ-ның бизнес-жоспарлау процесімен өзара байланысы мыналарды қамтиды (бірақ төменде аталғандармен шектелмеуі мүмкін):

1) тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу процесі Тәуекелдер/Тәуекел-факторлар иелерінің тәуекелдерді басқару жөніндегі шығыстарға алдын ала өтінім беруін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның бизнес-жоспарын қалыптастырумен қатар жүзеге асырылуы тиіс;

2) тәуекелдердің жай-күйін мониторингілеу, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау процесі Тәуекелдердің/Тәуекел-факторлардың иелерінің қосымша шығыстарға өтінім беруін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның бизнес-жоспарын түзетумен қатар жүзеге асырылуы тиіс.

48. ТБКЖ-ның инвестициялық жоспарлау процесімен өзара байланысы инвестициялық жобалар бастамашыларының инвестициялық жобаларды қарау және әзірлеу барысындағы мынадай міндеттерін қамтиды (бірақ төменде аталғандармен шектелмеуі мүмкін):

1) Қоғамның инвестициялық қызмет саласындағы ішкі құжаттарына сәйкес инвестициялық жобаның іске асырылуы мен мақсатына ықпал етуге қабілетті тәуекелдерді/тәуекел-факторларды сәйкестендіруді, бағалауды және талдауды көздеу;

2) инвестициялық жобаны іске асырумен байланысты тәуекелдерді басқаруға бағытталған іс-шаралар жоспарларын, бақылау рәсімдерін әзірлеу.

49. ТБКЖ-ның өтімділікті және ақша ағындарын басқару процесімен өзара байланысы мыналарды қамтиды (бірақ төменде аталғандармен шектелмеуі мүмкін):

1) қазынашылық функцияларын жүргізу үшін жауапты құрылымдық бөлімше қазынашылық операцияларды жүргізу кезінде қауіпсіздік (капиталдың сақталуы), өтімділік (активтерді мейлінше қысқа мерзімде ақша қаражатына түрлендіру мүмкіндіктері) және табыстылық (қауіпсіздік және өтімділік қағидаттарын сақтау шартымен алынуы мүмкін ең көп табыс) қағидаттарын сақтау мақсатында тәуекелдердің/тәуекел-факторлардың ықпалын бағалау мен талдауды жүзеге асыруға тиіс;

2) ақша ағындарын басқару мыналар ескеріліп жүргізіледі:

- контрагент банктерге баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша белгіленген лимиттерді, ел лимиттерін сақтау;

- борыштық жүктеме және қаржылық тұрақтылық дәрежесіне лимиттер белгілеу;

- уақытша бос ақша салудың неғұрлым табысты және қауіпсіз қаржы құралдарын таңдау кезінде тәуекел мен табыстылықтың оңтайлы үйлесіміне қол жеткізу;

- өтімділікке ықпал ететін тәуекелдерді/тәуекел-факторларды азайту мақсатында ақша ағындарын болжау және ақша позициясын құрамы бойынша оңтайлы бөлу.

50. ТБКЖ-ның операциялық қызмет процестерімен өзара байланысы мыналарды қамтиды (бірақ төменде аталғандармен шектелмеуі мүмкін):

1) Мақсаттардың иелері, Тәуекелдердің/Тәуекел-факторлардың иелері:

нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге ықпал ететін өндірістік/өндірістік емес тәуекелдерді және оларға тән тәуекел-факторларды анықтауға және бағалауға;

тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін қажетті ресурстарды дәйекті анықтауға және бағалауға, тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептілікте тәуекелдердің/тәуекел-факторлардың ағымдағы жай-күйін, сондай-ақ іске асырылған тәуекел оқиғалары жөніндегі ақпаратты көрсетуге тиіс;

2) тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар (сондай-ақ қажет болған жағдайда олардың жекелеген кезеңдері) құрылымдық бөлімшелер қызметінің тиісті жылдық жоспарларына енгізілуі тиіс;

3) Қоғам органдарының қарауына шығарылатын мәселелердің бастамашылары өз материалдарына (түсіндірме жазбаларға) шығарылатын шешімдерді қабылдаумен, сондай-ақ қабылдаумен байланысты тәуекелдердің сипаттамасы мен талдауы бар тармақтарды қосуы тиіс.

51. ТБКЖ-ның адам ресурстарын басқару процесімен өзара байланысы мыналарды қамтиды (бірақ төменде аталғандармен шектелмеуі мүмкін):

1) ТБКЖ көзделген құқықтар мен міндеттер бекітілуі және нысандандырылуы тиіс;

2) тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Қоғам жұмыскерлерін белгіленген мерзімдерге және нысаналы көрсеткіштерге сәйкес әрекет етуге уәждемелеу тетіктері көзделуге тиіс.

52. ТБКЖ-ның қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процесімен өзара байланысы мыналарды қамтиды (бірақ төменде аталғандармен шектелмеуі мүмкін):

1) Тәуекелдердің/Тәуекел-факторлардың иелері Қоғам қызметінің үздіксіздігіне ықпал ететін әлеуетті қатерлерді сәйкестендіруге, олардың ықпалын бағалауға және Қоғам қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етудің тиімді жоспарларын әзірлеуге тиіс;

2) қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары:

- өндіріс тоқтатылған/үзілген жағдайда бизнес қызметінің қалпына келтірілуін және үздіксіздігін басқаруға, соның ішінде ақпараттық технологияларды авариялық қалпына келтіруге;

- төтенше және дағдарыстық жағдайларға ден қоюды, бизнес-процестерді қалпына келтіруді қамтуға;

- тиісті іс-шараларды іске асыру үшін жауапты Қоғам жұмыскерлерін айқындауға;

- персоналға арналған оқыту іс-шараларын өткізумен тестіленуге;

- Қоғам қызметіндегі өзгерістер және тестілеу кезінде анықталған сәйкессіздіктер ескеріле отырып өзекті күйге келтірілуі тиіс.

## 6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІ ТИІМДІЛІГІНІҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ

53. ТБКЖ тиімділігі мынадай сандық және сапалық өлшемдер негізінде бағалана алады:

- 1) тәуекелдерді басқару тұрақты негізде жүргізіледі;
- 2) тәуекелдерді басқару процесі Қоғамның барлық бизнес-процестерімен өзара байланысты болады;
- 3) ТБКЖ жасайтын ақпарат басқарушылық шешімдерді, оның ішінде міндеттердің басымдылығына және ресурстарды тиімді бөлуге қатысты шешімдерді қабылдау барысында белсенді пайдаланылады және ескеріледі;
- 4) ұзақ мерзімді келешекте ТБКЖ ресурстарды тұтыну субъектісі ретінде емес, оларды неғұрлым үнемді пайдалану құралы ретінде әрекет етеді.

54. ТБКЖ тиімділігі тәуелсіз бағалау, ішкі және/немесе сыртқы аудит нәтижелерімен расталады, оны Қоғамның органдары, басшылығы, рейтингтік агенттіктер, инвесторлар, кредиторлар, Қоғамның жұмыскерлері, мемлекеттік органдар және бұқаралық ақпарат құралдары мойындайды.

## 7. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

[1]	Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы _____ шешімімен (№__ отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ-да өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру қағидалары
[2]	Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы _____ шешімімен (№__ отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау әдістемесі
[3]	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2016 жылғы 30 қарашадағы шешімімен (№45 отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдары тәуекелдерінің бірыңғай жіктеуішіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі қағидалар

*Ескертпе: \*Осы Саясатты пайдалану кезінде ағымдағы жылғы жағдай бойынша сілтеме құжаттардың қолданылуын тексерген абзал. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы Саясатты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай алынып тасталса, онда оған жасалған сілтемесі бар ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.*

## 8. ҚОСЫМШАЛАР

<b>Қосымша</b> (міндетті)	«ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің ұйымдық құрылымы
------------------------------	--

**Қосымша**  
(міндетті)

**«ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің ұйымдық құрылымы**



